

Дәріс №2. Қазақ тілі – оқу пәні.

Жоспар:

1. Қазақ тілі – қазақ мектептеріндегі маңызды пән
2. Қазақ тілі пәнінің мемлекеттік бағдарламасы
3. Қазақ тілін мектепте оқытудың мақсаты мен міндеттері

Тірек сөздер: интеллектуалдық іс-әрекет, білім, іскерлігі, дағды, логикалық даму, қазақ тілі пәнінің типтік бағдарламасы

Қазақ тілі – мектептегі ең маңызды оқу пәні. Қазақ тілін оқыту оқушылардың дүниетанымын қалыптастырып, қазақ тілінің байлығын, әдемілігін сезінуге мүмкіндік туғызады, оқушылардың тілін дамытады, сөйлеу мәдениетін, іскерлігі мен дағдыларын меңгереді, сол арқылы олардың интеллектуалдық іс-әрекеті жүзеге асады. Қазақ тілі мектепте оқылатын барлық пәндердің түсінуі, табысты оқуының негізі. Оқушы өз ойын, қарым-қатынасын, қабылдауын және т.б. барлығын қазақ тілінің фонетика, лексика, фразеология және т.б. салаларының негізгі ұғымдары мен заңдылықтарын меңгеру арқылы жүзеге асырады. Қазақ тілі оқушылардың логикалық дамуының құралы, мәдениеттің жауһарларына танудың құралы болып табылады.

Қазақ тілі пәні бойынша материалдың махмұны мен көлемі, олардың реті мемлекеттік бағдарламада анықталып көрсетіледі. Орта мектептегі қазақ тілінің бағдарламасы оқушылардың ауызша және жазбаша тілінің дамуын; оқу мен жазуды үйретуді; орфография мен пунктуацияны, орфоэпияны, мәнерлеп оқуды оқытады; оқушыларды тілдің теориясына: грамматикаға, сөзжасамға, фонетикаға, стилистикаға, лексикаға оқытады. Тілдің теориясының өзіндік білімдік, тәрбиелік, дамытушылық мәні бар, олар оған қоса оқушылардың сауаттылығының теориялық негізі және тіл мәдениетінің негізі. Жалпы алғанда қазақ тілі мектептегі оқу пәні ретінде практикалық бағыттағы пән. Қазақ тілін мектепте оқытудың міндеті – сөздің кең мағынасында қоғамның сауатты азаматтарын қалыптастыру.

Сұрақтар:

1. Қазақ тілі пәнінің мақсаты мен міндетінің жүзеге асуын түсіндіріңіз.
2. Пән бағдарламасына сипаттама беріңіз.
3. Сауаттылық пен білімділіктің ара қатынасын ажыратыңыз.

Әдебиеттер:

1. Рахметова С., Оразбаева Ф. Қазақ тілін оқыту әдістемесі.-Алматы, 2007, 326б.
2. Құрманова Н. Қазақ тілін дамыта оқыту технологиясы.-Алматы, 2005, 311б.
3. Сүлейменова Ж. Қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері.-Алматы, 2001.-215б.